

"Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге арналған бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 165-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 104-Ө бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге арналған бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 165-Ө бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге арналған бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің
2025 жылғы 23 сәуірдегі
№ 104-Ө бұйрығына
1-қосымша

Орман орналастыру саласындағы мемлекеттік монополия субъектісі іске асыратын қызметтерге арналған бағалар

№ р/с	Орман орналастыру жұмыстарының атауы	1 гектардың бағасы, теңге (ҚҚС есебінсіз)
Дайындық жұмыстары		
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	74,9
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	55,8
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	10,3
Далалық жұмыстар		
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	1053,3
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	734,8
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	94,8
Камералдық жұмыстар		
1.	I разрядты орман орналастыру (жазық ормандар)	346,8
2.	II разрядты орман орналастыру (таулы ормандар)	262,7
3.	III разрядты орман орналастыру, зерттеу (шөлді ормандар)	25,8

№ р/с	Орман орналастыру жұмыстарының атауы	1 орман иеленушінің бағасы, теңге (ҚҚС есебінсіз)
1	Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу	80 000
2	Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу	45 000

№ р/с	Орман орналастыру жұмыстарының атауы	Интерактивті картадағы 1 нүктенің бағасы, теңге (ҚҚС есебінсіз)
1	Орман мониторингі	168,1